

84(5Қаз)

А40

РУЗА АЛДАШЕВА

ТАУЕЛІБАЙ – ТАЛ БЕСІК



РУЗА АЛДАШЕВА

ТАУЕЛІБАЙ - ТАЛ БЕСІК

(Жыр жинағы)

"Шарқ" баспа-полиграфия компаниясының
Бас редакциясы

Ташкент-2001



Руза Алдашеваның бұл кітабына алуан тақырыптағы лирикалық, әсіресе туған жері - Тауелібайға арналған өлендері енген.

ШАБЫТ ШАПАҒАТЫ



Поэзия-пенделікте, періштен де аяғына бас ұратын-пір. Оған келіп қол беру қияметтің қыл көпірінен өтумен бірдей. Ол ешқандай ілім-ғылымға бағынбайды және күн көріс кәсіптің де көзі емес.


Жыр шалқар шабыттың шуағынан, талапты таланттың тұяғынан, құдіретті қиял қыранның қияғынан, ойдың өрнегінен,

сезімнің серпінінен туындайтын ақиық ақиқат. Міне, осындай қанатты, асау арғымақты ауыздықтауға жүрегінің түгі бар жандар ғана тәуекел етпек.

Біз, бүгін сөз етпек болған ақын қыз Руза жүз ойланып, мың толғанып, осы жолға басын да, бағын да байлаған жан. Мұны Руза Алдашеваның Үшқұдық қалалық баспаханасынан шыққан "Жеткізбей жүрген құштарлық" атты тырнақалды туындысынан байқаған болатынбыз.

Руза Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінде тәлім алып жүріп, 1985жылғы "Жігер" фестиваліне қатысып, өлендері "Жалын", "Жұлдыз" журналдарында жарық көрді.

Тауелібай деп ортақ атпен аталатын Үшқұдық, Тамды, Кеннмех өңірі Рузаның шығармашылығының 20 жылдық мерейтойын өнер мен өлеңнің мерекесіндей мейрамдаған еді. Сондай-ақ, Руза 1999 жылы қыркүйек айында Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған дәстүрлі Мұшайраның жеңімпазы. Руза Алдашева қазіргі кезде Үшқұдық аудандық "Достық-Дружба" үнқағазының редакторы.



... Мейірімге білмеймін сусадым ба,
Жанымдағы бермедім мұрша мұңға.
Құр қиялмен алданып отырғанда,
Бүлкілдеді бір әлем құрсағымда.

Иә, Рузаның қаламы да, бүйрегі де көбіне лирикаға бұрады, поэзияның бұл саласын жақсы меңгерген де. Тобықтай ойды тарыдай шашып алмай, сезімі суынам дегенше сарт еткізіп суретке түсіріп алуға талпынады. Рузаның бұл жинағында негізінен сезімтал әйел жанының серігі махаббат тақырыбы кең қамтылған. Сондай-ақ, ақын қыздың туган жер, Отан, табиғат, асыл ана. ардақты әке, аяулы жарға арналған жырлары да ерекше.



Руза Алдашева-өзіміз жасайтын Өзбекстан мен ата жұртымыз Қазақстанның өнерсүйер қауымына танымал. Осы екі елдің баспасөзі арқылы жұртшылық оның жырларын жылы қабылдаған. Сондықтан ендігі кезекті өлеңдердің өзіне берсек.

Ал біз болсақ. өлең өлкесінің сәукелелі келіні Руза Алдашеваға ел жұртыңды шабытыңның шапағатына бөлей бер деп тілек білдіреміздер.

Ерназар Қожаназаров,
ақын.





Асауғайдай ілдірмей Арман кұрық,
Өлең— Өнер ішімде салған бүлік.
Өрнектеумен келемін әр дүбірін,
Сырларым жоқ Сендерден қалған бүгіп.

Өтіп жатыр жылыстап күндер легі,
Он екі айда бір соғып жыл керуені .
Еркелетіп аяулы аулымыздың-
Ақын қызы дейсіндер Сендер мені.

Жүрегімде сол жылдар жылуы қап,
Құрбылардан бір жүрген бұрынырақ.
Өткен жылғы көктемде нөсерлеткен,
Жастығымды қалдырдым жырыма орап.

Көктем-жастық, өзіңе базына бұл.
Көңілімнің қалауы қазына жыр.
Қыз-көктемді алатын өксіп еске,
Өмірімнің сияқты жазы қазір.

Бар жұбаныш табылып өлеңімнен,
Илеуіне тұрмыстың көне білгем.
Кейде өзімді қоярға жер таппаймын,
- Бакыттысың, бәрібір—дегеніңмен.

Бакыт жайлы көп еді айтарым да,
Батып барам тұншығып қайта мұңға.
Менің нәзік жанымның іңкәрлігін.
Қабағымнан қалай да байқадың ба ?



Талай түнді көз ілмей өткізген ем,
Түкпірінен жүрегім төккізді өлең.
Өтіп жатыр жылдарым қайырылмай,
Сол құштарлық әлі де жеткізбеген.



Кеудемдегі бір алапат қуаныш,
Жетелейді армандарға тым алыс.
Тек әйтеуір өзегімнен өрілген,
Өлендерім көңіліме жұбаныш.

Жатқа оқып жиналған жұрт бірмелеп,
Оқырмандар өленімді жүр ме елеп?
Мына менің тым тұйықтау кейпімнен,
Жырларымның мінездері бір бөлек.

Ей, адамдар, өнер сүйген жзны нұр,
Өлендерім-тірлігімнің нәрі бұл.
Ертелі- кеш өлкесінде өнердің,
Бір биіктен көрінемін бәрібір!

Ақ жауын-ай түнімен сіркіреген,
Көңілімнің ашылар бұлпы немен?
Сенің тысырыңменен араласып,
Оқтын-оқтын өтеді бүркіп өлең.

Сол өлеңнің малынып маржанына,
Отырамым көз салмай жан жағыма.
Қиялыммен кеземін тұңғиығын.
Онайдағы қарамай арзанына.

Өлендерім өрілген өзегімнен.
Жүгің ауыр көтерер сеземін мен.
Шабытымның шалқыған шақтарында.
Жан сарайын әр жанның кеземін мен.

Шуағы мен жанымның шұғыласын.
Өлеңімді оқысаң ұғынасың.
Тамшысынан жауынның құралғаннан.
Шығар бәлкім, әйтеуір мұны басым.



Тамыз айы, тамылжыған кез еді,
Ой дөнені әр тарапты кезеді.
Бір ғаламат түбі әйтеуір боларын,
Жүрек шіркін секем алып сезеді.

Талма түсте есімізден тандырып,
Аруанадай мұрындықсыз қалды үміт.
Әзиз Анам көзін жұмды мәңгіге,
Боталарын жәудіретіп қалдырып.

Дей алмаймыз ақ сүтінді ақтадық,
Аяладық, бәйек болып баптадық.
Ойға, қырға апарсақта емдетіп,
Тура келген ажалға айла таппадық.

Бір сағыныш көңілімді көлбейді,
іңкәр жаным мейіріне шөлдейді.
Жер-Ананың құшағына кіргенмен,
Бала үшін Ана ешқашан өлмейді.



Болашаққа апарам



-Келіп қалар деп барын дайындаған,
Белгілі ғой сағынған жайың маған.
Алтын адам анашым әлемдегі,
Сәл кешіксем, қамығып уайымдаған.

Қатал қыстың еріді талай қары,
Жүзінде нұр, анамның арай маңы.
Ағарандап көрінген жаулығындай,
Қырауланды түп-түгел самайлары.

Жүрегімді кернейді бір ән менің,
Нәзікәлем мұншама шыдамды едің.
Бойдағы дерт күн сайын мендеді де,
Еңкіш тартты бір кезгі бұраң белің.

Сені ойласам жаныма жыр тұнады,
Еске алады қамығып жұртың әлі.
Өзің жоқта өмірді өгейсініп,
Менің құйттай жүрегім бұлқынады.


Ақ сүтіңмен дарыған күшіндеймін,
Өзіңсіз мен көп нәрсе түсінбеймін.
Болашаққа өзінді апармаққа,
Жырларыммен бейненді мүсіндеймін.

Мұңымды айтып ешкімге шағынбағам,
Болса-дағы бармақтай бұйырды бак.
Түсінетін жанымды табылды адам,
Өмір сүру өзіңсіз қиын бірақ.

Түскеніммен ілініп жұрт көзіне,
Хабары жоқ мендегі тылсым жайдан.
Ұқсамаймын кей кезде тіпті өзіме.
Не жатқанын ішімде білсін қайдан ?

Бір арман бар қол бұлғап тұрады алда,
Мойын бұрсам сағымдай бұлдыраған.
Дәл өзіндей жан таппай жұбанарға.
Оңашада шимайлап жыр құрағам.



Ананы аңсау

Жүр деймісің жыр жазбай тектен мені
Күлазиды көңілімнің көктемдері.
Сағыныштан сарғайып жүрмін әрең,
Түсіме де кірмейсің көптен бері.

Өтер тұста өмірдің өткелдері,
Кейбір жандар жол тосып өткермеді.
Мұнымды айтып өзіңе шағынар ем,
Түсіме де кірмейсің көптен бері.

Қол бұлғаса шақырып бөктер мені,
Жыр боп ұшар көңілдің кептерлері,
Өзіңе оқып берер ем ең әуелі,
Түсіме де кірмейсің көптен бері.

Сарғыш тартты даланың көк белдері,
Өзің болып көк сағым жеткермеді
Тым болмаса түсімде тілдесер ем,
Түсіме де кірмейсің көптен бері.

70 болып жығылып жеткен жері,
Босағамда үзіліп, біткен демі.
Қуансам да Анашым сені іздеймін,
Түсіме де кірмейсің көптен бері,
Түсіме де кірмейсің көптен бері!





Әкені жұбату

Жас ортаға жеткенде,
Кемсең қағып босадың.
Кеме мініп кеткен бе,
Қоса ағарған қосағың ?

Қалай сені жұбатам,
Қалың қайғы орманы.
Неткен ұзақ мына таң.
Атып, сірә, болмады.

Қиналады жан шыбын,
Құдай басқа салғаны-ай.
Сабы сынып қамшының,
Қартайғанда қалғаны-ай!

Жүп өмірің өтті ме,
Жар қадірін ұққанша?
Ұрпағыммен деп тіле:
- Мың жасаймын Лұқпанша!



Келмеске кетіп жан анам,
Көңілім болды тағы алаң.
Жат жұртқа кеткен қыз едім.
Отынды қайтіп жаға алам ?

Егіліп мен бір жыладым,
Сәнбесін деумен шырағың.
Жетім боп қалған әкеме,
Алладан медет сұрадым.

Сырғумен біраз өтті күн,
Жүрегім отыр боп тілім.
Әкенің жайын ойланып,
Көңілде уайым көп бүгін.

Жүп өмір сүрген үйінді,
Жарықсыз көрсең қиын-ды.
Анамды еске салады-ау,
Қолға алсаң әрбір бұйымды.

Қайтесің, әке, налыма,
Шүкірлік сенің барыңа.
Мандайындағы сауболсын,
Ұл-қызың бәрі бағыңа!






Наурызда, жарғанда бүрін терек,
Халқым мені көтерді жырымды елеп.
- Айналайын,- дегенде жалт қарадым,
Жан Анашым, бұл сенің үнің бе деп.

Жыр боп қонған дәріптеп басым бағын,
Жұрт келеді, мен бірақ тасынбадым.
Сен кеткелі көлбендеп көлеңкедей,
Қалмай қойды әйтеуір қасымнан мұң.

Орманына, отыздың белесіне,
Әкелдің де.зар қылып елесіне.
Кете бардығн, Анашым, сапар шегіп,
Мініп алып келместің кемесіне.

Жүрегімнен толассыз жыр ағылып,
Келдім, ана, басына дұға қылып.
Қайғы-мұңсыз жүретін Сен бардағы,
Ұмыт қалды алаңсыз бұла қылық.
Келдім, Ана, басыңа дұға қылып!

Үш жыл болды,өзіңмен көріспедім,
Шүкір, аман отбасым тегіс менің.
Ана! Сені сарғайып күтуде жүр,
Қиядағы қыздарың, өрістерің.

Өзінді ойлап шарықтар бар қиялым,
Биігінде жүрсем де қай қияның.
Мауықымды басамын іздеп барып,
Құшағыңда жан құрбың Әлпияның.

Көрші болып қатар үй тұрғызғалы,
Тату өстік екі үйдің ұл-қыздары.
Түніменен оқушы ек кезек-кезек,
Романдары басылған "Жұлдыздағы".

Кейде екеуің ұзақ түн сырласқанда,
Таңағарып Шолпан-қыз туды аспанда.
Арасы алшақ болса да жастарыңның,
Жақын едің қос құрбы құрдастан да.

Сендер жайлы өлең қып сөзімді өргем,
Кел, Әлпия, орын ал өзің төрден.
Тілеп өтем мен сенің саулығыңды,
Аяулы жан, анамның көзін көрген.



Көріп қалып анамның құрбыларын,
Сағыныштан келіп бір тұр жылағым.
Қайран менің көңілім анамды аңсап,
Сағыныштан тағы бір жыр құрадың.



Өлең- менің сиынар пірімбісің,
Оқушышың талғамас түрін -түсін,
Көрсетем-деп келемін мен де өзімше,
Жұрт жазбаған бұрын-соң бір үлгісін.

Өлең- менің кайнаған сорымбысың,
Әрі тайғақ, әрі тар жолымбысың.
Жүрегімде сен барда аман өтем,
Тек көзіме айтылсын орынды сын.

Өлең- менің ашылған бағымбысың,
Ізденгенім өмірден табылды шын.
Тілегі мен көңілдің құштарлығын,
Жаратқаннан сұрарым: қабылғысын!

Амандасып шығайын бәріңменен,
Толқытып тұр дәл қазір жанымды өлең.
Қалай ғана бақытты болмайын мен,
Халқым барда қаумалап, қадірлеген.

Перзентінің қуанған талабына.
Мұқалмас үш тілеген қаламыма.
Дариядай тасыған пейілдерің,
Жас үйіртті менінде жанарыма.

Тілеуқор деп ел-жұртқа ырым қылар,
Қызды құрмет еткен де бұрынғылар.
Ат сабылтып шақырып, құшақ ашқан,
Өздерің ғой өлеңнен сырымды ұғар.

Алып Ақтау қойнауы қазыналы,
Шыңдарында мұң, шаттық, назы бәрі.
Мандайыңа ақын қыз аман болса,
Тамды жайлы талай жыр жазылады.



(Әжем Хадишаға ескерткіш)



Ертегі әлем қызығы тарқамайтын,
Жел өтінен тұмшалап калқалайтын.
Бала күнгі балауса арман-әнім:
"Әжем болса шіркін-ай арқалайтын.

Қырын келген тағдырға жоқ қыларын.
Қиялымда самғайсың боп қыраным.
Абайсызда кім білген көлденеңнен,
Ажал атты мұзтаудың соқтығарын.

Қыз ұзатып, үлгермей алып келін,
Кеткеніңе, әрине қамықты елің.
Өмір дәнін себуші ең Жер-АНАға,
Орта жолда таусылды-ау жарық, демің.

Тентек сарың кезінде кекшіл ме еді,
Әжесі жоқ демейтін ешкім мені.
Мен түгілі анам да сезінбеген,
Мейірімінді ансаймын ес білгелі.

Жеткізуге асыққан жаңалығын,
Немереңе тым тәтті жағады үнің.
Жиендерге атанған нағашы әже,
Бақыттысың расында мама бүгін.

Бөбегімнің дауысын іңгәлаған,
Зейін салып сен-дағы тында далам!
Балбыраған денесін әуелі оның,
Тұнып тұрған сендегі жырға малам.

Қадірінді ұғынып бас иетін,
Перзентіңе дарысын қасиетің.
Өзің сынды, шіркін-ай, кеңболса екен.
Дарқандығың бойына нәсіп етіп.


Әне, тағы, тағы да іңгәлады.
Ен даламның қоңырқай бір қазағы.
Ащы да емес, құлаққа жағымды үні,
Өріледі өлең боп бір ғажабы.



Кіп-кішкентай бұйра бас қозым менің,
Өзінді ойлап, түніменен көз ілмедім.
Төртке бөліп жүрсем де түн ұйқымды.
Қуанышым ендігі өзіндедім.

Сен не деген керемет сүйкімді едің,
Келер емес тіпті де ұйқым менің.
Сенің ғана күзетіп тынышынды,
Кірпік ілмей өтуде кей түндерім.

Қошақаным, монтиған марка балам,
Сен бар жерде шаттығым тарқамаған.
Бүгінімнің ертеңі өсе берші,
Адам деген асқақ ат арқалаған.



Отаным менің-отымның басы, құтханам.
Ар туын әр кез көтергем биік жықпағам.
Тел еміп өстім татулық пенен бірлікті,
Талайлар жүр ғой мәнісін мұның ұқпаған.

Отаным менің-отымның басы, Әз Ана,
Есігім ашық кіршіксіз көңлі тазаға.
Ақсүтіменен бойыма менің дарытқан.
Сабырды сақтап, көндігуді де қазаға.

Отаным менің-отымның басы, әкешім,
Кешіре білген албырттау шактың қатесін.
Көгерем десең көңліне тимей қарттардың,
Ала біл, қалқам, қол жайып берген бәтесін.

Отаным менің-отымның басы, жолдасым,
Кездесер талай жұп өмір сүрген жолда сын.
Бар жүктің өзі көтеріп ауыр салмағын.
Дауылдар менен өсектей өрттен қорғасын.

Отаным менің-отымның басы, бөбегім.
Соларға арнап бейбіт таң жырын төгемін.
Ұл-қызым барда алаңсыз асыр салатын,
Ханымдай көркем әлемге мынау егемін.

Отаным менің-отымның басы, мен екем,
Таусылмақ емес, шалықтап жатыр берекем.
Гүлденуі үшін отыңның басы керегі,
Ананың сүті, атаның мандай тері екен.

Отаным менің-отымның басы, аспаным.
Осында өткен есею менен жас шағым.
Отаным деймін көз тігіп туган өлкеге,
Керегі қанша сен барда маған басқаның.



Қилы заманды болса да бастан өткерген,
Ұл -қызын әркез мұрапынада жеткерген.
Дәл ортасында сәнденген сұлу Тәшкеннің,
Төле би сынды ұл жатыр шыққан текті елден.

Мұқандар кеше алшандап басып адымын,
Қалдырған мұнда өшпестей жылдар сағымын.
Көшелерінде санасам саусак жетпейтін,
Ұлдары жүрген іздері жатыр тағы мын.

Бір күдірет бар Тәшкеннің күлше нанында.
Дәм татқан жандар ұзамай тапқан бағын да.
Құшағын ашып, бақытын берген бұл қала,
Бағановаға балауса бағын шағында.

Кезінде Фаррух әндетті - "Тәшкен-анам" деп,
Әнұран жазды Абдулла атты балаң тек.
Жүрегіндегі актарар олар тілегін,
Қайғысын-шерін, қуанышын да саған кеп.



Тәшкенге келсем, жыр-жауын тынбай себелеп.
Тұрғандай жұрттың барлығы дерлік мені елеп.
Үйлері көркем, аспанмен бәрі тірескен,
Жасарған қала бұрынғыдан да керемет.

Тәшкенге келсем, көшені кезем алақтап,
Көңілімдегі малынған нұрға таң аппақ.
Оқысам өлең сілтідей тынып мына жұрт,
Әмір-Темір де сүйсініп тұр-ау, қарап қап.

Тәшкенге келсем, аралап ұзақ гүлзарын,
Жүрегімдегі алаулай түсер бір жалын.
Оттан да ыстық силаған Отан мен үшін .
Ата-анама да, тағдарыма да ырзамын.

Тәшкенге келсем, алып ұшады жүрегім.
Әруақты қала құшағына кеп түнедім.
Баурына басып, бармақтай бір бақ бер маған,
Өлеңнен өрнек тоқыған қыздың бірі едім.

Тәшкенге келсем, алып ұшады жүрегім !

Киім, тамақ—емес бұл маған қайғы,
Жүрек отын сөнсе ешкім жаға алмайды.
Адамдардың кей-кейде қылығына,
Көңілімнің көктемі алаңдайды.

Жеткізе алмай әрдайым жетпегенін,
Келеді олар, берерің көп пе тегін?
Құлқын қамын түгендеп жүрген жандар,
Қайдан ұқсын жүрекке от керегін.

Жаулап алып биіктік шоқыларын,
Кейде ойланып ұзақ түн отырамын.
Көңіліме бар уақыт тоқ санаймын,
Жүрегімнің лаулаған оты барын.



Тазалық

Қанаттанбай жаяулап қиял қалған,
Адамдардан кезім көп жиі алданған.
Көндіге алмай көргенде қылықтарын,
Өрт боп жанып кетемін ұялғаннан.

Қапаланып сан мәрте егілдім де,
Қалып-қалып таусылған көңіл менде.
Дарқан халықсапында емес пе едік.
Ұятын артық санаған өлімненде.

Адамдарды арбады мансап деген,
Арпалыстан қалады шаршап денем.
Арым таза болғасын баяғыдай.
Ару күнді қымсынбай қарсы ап келем.

Өлең

Кемдеу болса кем болсын күлкім бүгін,
Серпіңкіреп ашайын жыр түндігін.
Өмірім де өлшеулі дүниеде,
Шектелмесе болғаны мүмкіндігім.

Орындала бере ме ойлағаның,
Ескерілмес қызыққа тоймағаным.
Мені бүгін ерекше толқытып жүр,
Өлең болып айналып бойда қаным.

Болашаққа нығарлап басып қадам,
Адам бар ма арманға асықпаған?
Қан қысымы жоғары көтерілген,
Жан сияқты, әйтеуір, тасып барам.



Жүрегімде сәуле бар

Күрестермен өтіп жатыр жай күнім.
Қалмаса екен аласарып айбыным.
Кенде емеспін қуаныштан, әйтседе .
Үлгергенмін дәмін татып қайғының.

Қадам қойсам болашаққа жол алып,
Кезігемін ұры-мұңға тоналып.
Кірпігіме ілдірмесем мұз-моншак,
Ататпайды аяғыма оралып

Күннен күнге өр екпінім басылып.
Қала көрме, өтінерім бас ұрып
Қалсаң мейлі, өлең болып далама,
Жүрегімнің сәулелері шашылып.

Жаңа жыл

Жаңа жыл келді, айнала шаттық-шадыман,
Төгіліп жатыр көмейден аппақ лағыл ән.
Сырғанақ теуіп, тоңуды тіпті білмеген,
Балалық шақты әлі де аңсап сағынам.

Жаңа жыл келді, жазылар жаңа жырымдай,
Ақша қар қонды, жер ұйығыма нұрымдай.
Қымтанды дала әп-сәтте қалың көрпесін,
Жаулығындай аппақ әжелердің бірынғай.

Жаңа жыл келді, қиялға қанат бітті енді,
Тағатсыз жаным осы бір сәтті күткен-ді.
Көтеріп келдім өткен жыл артқан мойымай,
Үлесімдегі салмағы ауыр жүктерді.

Жаңа жыл келді, жаныма менің жылу ап,
Жап-жасыл шырша жасанған қыздай сұлу-ақ.
Дәл бүгін бір сәт тірліктің қамын ойламай,
Бала боп кеттім, ұмытып бәрін бір уақ.



Ө. Қожамұратовқа

(Ауа болып кетем лезде таралып,
Тыныс-демін кенейтетін халқымның)



Ө. Қожаұратов.

Жырыңды оқып табынсам,
Шарқ ұрып іздеп сағынсам,
Айыпқа мені бұйырма.
Онаша қалған сәттерде,
Сөз өрмек құрсам дәптерге,
Көзін сап тұрдың қиырда.

Бір сезім бойын буатын.
Өзінді мендей ұғатын,
Жанымнан уақыт қорқа ма?
Қанатын құстың қайырған.
Тумай-ақ бізді айырған,
Отыз жыл жатыр ортада.

Өртеді өзек жыр-ағын.
Ағыл да тегіл жыладым.
Өкінгенменен жоқ амал.
Ғұмырың ұзақ болғанда.
Шаттыққа көңлім толғанда,
Кестелер ме едім орамал?

Барында кеше жақпаған,
Тамсанып бүгін мақтаған,
Қанаты сыңар шағала.
Кейіндер мейлі жабылып,
Ғашықпын, жүрмін сағынып.
Ауа боп кеткен ағаға.



Баз біреуге тіршілік арман бүгін,
Ұғынса да бұл өмір жалғандығын.
Пейіліңнен шығар-ау сеніндеймін,
Қу жалғыз боп көгермей қалғандығын.

Ұйқыңның да пәлендей жоқ шырыны,
Көңліңе медеу тек тоқшылығың.
Құр мансапқа алданып жүргенінде,
Көктей солып қалмасын көк шыбығың.

Ойлан, ойлан, әдептен аттамағын,
Шектей көрме өзгенің бақ талабын.
Іліп алып кетпесін толқынымен,
Көз алдында бұрқырап жатқан ағын.

Шектей көрме өзгенің бақ талабын,
Мен осылай сырымды ақтарамын.
Күні ертең-ақ көрерсің перзентіңнің,
Күндіз-түні жырымды жаттағанын.

Түкірігің... жерге оны түсірмейсің,
Жайлы орыным, жарлығым — күшім дейсің.
Нәзіктікке бар әлем басын иген,
Бірақ мұны әттең-ай, түсінбейсің.



Жүрсе де тербеп әніменен әркез Тамдыны.
Жүреkte жатқан, зіл болып батпан бар мұны.
Түсіне ме екен тағдырын әнші сол қыздың
Қуана қолын соққанмен жұрттың барлығы.

Ирелендеген бұралаң өмір жолдары,
Әуелесе де әні аяқтан шалып қоймады.
Жаңылдырып та, бағындырып та алды бір ауық.
Ойраны басым 30-дың қалың орманы.

Сахнаға шықса, ашқарақ көздер қанталап,
Жегідей жеді, әр тұстан бәрі анталап.
Ұйқысыз өткен, жасын да төккен түндердің,
Салмағын кімдер жүр екен қазір арқалап.

Сезімің ғана жүректі билеп құптады,
Дос түгіл сонда туғандарың да ұқпады.
Ән салып кештен кешігіп үйге қайтқанда,
Есігінді ашып, алдыңнан ешкім шықпады.

Шықпады ешкім мұнайып сонда қамықтың,
Атсада таңың қараңғы болды жарық күн.
Өнер деп жүріп өмірдің заңын жалғаған.
Әндерді салды жүдеген көңіл налып тым.

Тірлікті мынау әнімен жүрген мәнді ғып,
Әнші қыз қайда, Бағила атты тамдылық?
Өмірде нәзік болса да әйел затынын .
Сүйі сәби-табиғатына тән қылық.





Тамды

Өзің жайлы жазылар жыр, әңгімем.
Өзіңде өскен өнер қуған жан кілең.
Өмірзағың тең көрмеген Меккеге,
Кіндігімнің қаны тамған Тамдым ең.

Тағы бір таң арайланып ағарды,
Тамды жайлы таратумен хабарды.
Елу жылда ел жаңасы осы ма,
Жаңа Тамды болып қоныс жаңарды

Тына қалып тамылжыған қиыр, маң,
Жұдырықтай жүрегіме құйылды ән.
Арман болған Алматы емес, Тамдының
Жігітіне бақыт болып бұйырғам.



Ұша көрме бақыт құсы қолдағы,
Өмір деген ойлы-қырлы жол маңы.
Жыр бұлағы болып Тамды тама бер,
Көз жасы боп тамбасаң тек болғаны.

Бесбұлақтың ақшағыл төбелері.
Бауырына баспады неге мені ?
Аптабыма күймесін деді ме екен.
Көңілімнің от құмар көбелегі.

Қойнауында білемін мың ән барын,
Ақтарайын сен жайлы жыр аңғарын.
Өзге жұртқа даңқынды асыратын.
Көрінбейді, қай да жүр ұландарын '

Қадірін де ұқпаған ешкім әлі,
Ен қызылдың гүлдеді кеш құрағы
Мені өзіне әйтеуір ынтықтырды,
Қызыл құмды Тамдының Бесбұлағы.

Құм қабағы бүгін де ашылмады,
Ұйытқып соққан дауылы басылмады.
Мінезінің осындай мінібарын,
Бесбұлақтың құмдары жасырмады.

Аптап мынау, апшынды қуырды мың,
Дүлей болып күн ұзақ суырды құм.
Жау сияқты ауылға қайта шапқан,
Киіз үйдің көтерді туырлығын.

Бұған қоса төбенде құм қайнаған,
Байласа да ит түгіл тұрмайды адам.
Дегеніңмен мұндағы әрбір үйде,
Шаңыраққа шелекпен құм байлаған.


Дауылдатып тұрады жаз ағымы,
Дей көрмеңіз кесілген жаза мұны.
Дарысын деп киесі туған жердің,
Жақұт болып шашылған таза құмы.



Садаға боп жаныма тұрғаныңда ар,
Түнеген бе, япыр-ау, құмға мұндар?
Буырқанған теңіздей көтерілді,
Тарқатылған бұрымдар-бұйра құмдар.

Жібек мата-ақ шағыл сусылдаған,
Онып кетпей ғасырлап тұрсын ба аман ?
Бауырыңда ер жетіп, сырынды ұқпай,
Қашып кеткен қалаға құрсын балаң.

Бесбұлақтың мазалап текті елесі,
Қайта оралса, белгілі "кет"демесің.
Қадірінді өзгелер қайдан ұқсын,
Құм қызуы табаннан өтпегесің.



Ындыны кепкен құм дала,
Құлазып жатыр шөліркеп.
Көңілге медеу жыр ғана,
Себелеп өтсе бұлты кеп.

Ақ селеу сылқым сызылып.
Тұратын ол да мұнайған.
Жусанның өңі бұзылып,
Ажырап қалған шырайдан.

Кеудесін кере алмастан,
От болып кетті жасыл раң.
Тіршілік бірақ жалғасқан,
Жыңғылға шырпы асылған.

Қозы-лақ жайған баланың,
Күйдірді шағыл табанын.
Сексеуіл әнші жалғады.
Үзіліп қалған тағы өнін.

Даланың алып кемесі,
Күн бойы ұзақ боздаған.
Су болып сағым елесі,
Көңілдің күйін қозғаған.

Басылмай қызу аптабы,
Ару күн күлім қағады.
Қыздырып жонын жатқаны,
Кесірткеге де жағады.

Дауыл да соқты дүлей боп,
Мазасын жұрттың қашырып.
Қорқыныш пенен үрей көп.
Қалмаса дереу басылып.

Аптабы менен дауылы,
Бірінен бірі қалмаған
Ақын қыздың бұл ауылы.
Арманын жырға байлаған.



ҮШҚҰДЫҚ


Алтынымен басым болған айбыны,
Оң-солынан туа қалған Ай, Күні.
Фаррух салған бір әнімен "Ялланың",
Үшқұдықтың аты әлемге әйгілі.

Тербелетін шөліркеген құм дала,
Әйтiм жақтан бiр жел соқса ырғала.
Мұнан алдын бой көтерген 40 жыл.
Құшақ жайды бәрімізге бұл қала.

Дала дейміз, қала дейміз мақтанып.
Той тойлаймыз қуанышпен шаттанып.
Қала болып тірлік кешу үшін де,
Құм қойнауы тілімденіп жатты анық.

Дала осы— ұшыратын құс қылып,
Қала осы—жіберетін сұсты қып.
Дала боп та , қала боп та құшағын.
Кең ашатын осы біздің Үшқұдық.

Алтынымен басым болған айбыны,
Оң-солынан туа қалған Ай, Күні.
Фаррух салған бір әнімен "Ялланың".
Үшқұдықтың аты әлемге әйгілі.



Үшкұдықтың күні бүгін күйіп тұр.
Сағым болып бұлдырайды биік қыр.
Барша жанның тілейтіні шіркін ай.
Жауса жаңбыр толастамай құйып бір.



Алдын ала біліп алар түске енбей,
Ми қайнайды, аспан жерге түскендей.
Көрінбейтін жалынымен қуырып,
Ыстық аптап соқты тура үш күндей.

Бұйра құмдар күнге әбден қызарған,
Түн қыскарып, күндізгі уақ ұзарған.
Мұндай шақта Қызылқұмға керілген,
Қабат-қабат ерімейтін мұз арман.

Үшкұдықтың күні бүгін жанып тұр.
Көз ұшында бұлдырайды алып қыр.
Барша жанның тілейтіні: шіркін-ай,
Өтсе жаңбыр толастамай жауып бір.



Шабытымның қамшылаптай, құнанын.
Өсекші-өлең сырымның жайды барын.
Мына жұрттың бүгінде аузында жүр,
Өкпе-назым, қуаныш, қайғыларым.

Жаксы жаман айырам енді арасын,
Сыйлалстыным ортадан ең жарасым
Жүрегімнің дүрсілі жырдан ұғып,
Өлең оқы дейтуғын Сен ғанасың.

Жазуменен жүрсем де кебіне өлең,
Өзге, жұрттың ісі жоқ меніменен.
Өлең оқып алдында ұлы ақынша,
Кәдімгідей кей кейде тебіренем.

Құс боп ұшып көңілім айдынына,
Құшағыма әпердің Айды мына
Күні бойы жалықпай жыр оқудан,
Елемеймін мұң менен қайғыны да.

Жырлары м н ы ң кеппей-ақ сиялары,
Асау сезім жаныма ұялады.
"Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр",
Мұнан әрі жазбайын бұл араны





Қадамымды қиялым жиі ұштаған,
Бір ұғым бар санама сыйыспаған.
Бір көлікпен жүреміз келіп-кетіп,
Жолымыз бір, бірақ еш қиыспаған.

Тоқтамастан өте шық бүгін мейлін.
Ала кет деп соңыңнан жүгірмеймін.
Тоқтай қалсаң алдымнан есік ашып.
Еркімнен тыс мінем де, күлімдеймін.

Қамқор көңілі байкалып тұлғасынан.
Маған ығи көрінген шың басыман.
Ағалардың барына шүкірлік қып,
Мен әйтеуір алдағы күнге асығам.

Күтерім көп күндерден тізбектелген.
Жыр жолдадым бастым да Сіз деп белден.
... Ойды бөлді есіктің қонырауы.
Кім болды екен тал түсте іздеп келген?

Қиялыма тағы да қанат тағып,
Жүрегімнен шуақты таң атты анық.
Қасында әзер отырдым өзімді ұстап,
Құшағына құлауға сәл-ақ қалып.

Сәл-ақ қалдым, мұны ешкім андамады,
Жырға орадым керілген пандаланы.
Бұлдыраса сағымдай сезім-теңіз.
Қауышатын құшақтар жанға дәрі.

Ұмыт қалып бойдағы ұяндығым,
Көңілімді тербеді жиі ән бүгін.
Жалт қарасам, жанымда жоқ екенсің,
Күнде осылай алданар қиял бұным.

Ертегім көп ойымнан жасап алған,
Қиял орнын енді кеп басады арман.
Әне кетіп барады көз ұшында
Бір сұлумен сол адам шашы ағарған.





Жыр-мұным сенін үшін де жетер,
Көрмеймін әркез түсімде бекер.
Көңлімдегім өлеңмен өріп,
Айтпасам бір күн ішімде кетер.

Келгенде сәйкес талғамға талап.
Өзінді жүрдім арманға балап.
Үнім де шықпай, көздеріңе тек
Ұқпадың мені қалғанда карап

Емес қой артқан жүгім де жеңіл
Қамыққан көңіл бүгін де егіл.
Кезігер өмір қиындықтары мен
Қызықтары да түбінде небір.

Жанымды Күннің нұрына тостым.
Түсінген елдің ұлына доспын.
Ауылды әнге бөлеген едің.
Сондықтан. Сені жырыма қостым.

Еріп кейде сынап-көңіл күйге көп,
Адам жаны болады екен күйгелек.
Сондай сәтте сезімге бой алдырып,
Жырларымның жалындысын жый бөлек.

Көңіліме сені әрдайым үлгі етем,
Арамызда жоқ қой жаным сыр бөтен.
Жүрегінді дір еткізген бір жанды
Жақсы көріп, сүйіп қалу мін бе екен?

Сезімінді мына мендей шектеме.
Сүйе білсең жетер төбең көкке де.
Махаббаттың қағидасы жаным-ау,
Қауышумен шектелмейді тек дене.





Махаббат - ол ертегі емес, бір әлем,
Іздеуді оны бар құрбыдан сұрар ем.
Маған ғашық бір жігітті сүйіп қап,
Өлең жазып, ақын болдым мына мен.

Махаббатты шуақ төккен Күн көрем,
Жырларым да қалған емес жүлдеден.
Малынам да Махаббаттың нұрына
Бала боп та, ана боп та үлгерем.

Сезімдерге ерік бермей кернеген.
Махаббатқа кезігуге сенбеген,
Бірақ, іштей жан-жүрегі өртеніп.
Махаббатты ертегі еткен ел деген.

Жүрегімнен жазылды ғой тағы жыр,
Махаббатым тірлігімнің мәні бұл.
Іздесендер табылады тек қана
Күлер үзбе, құрбы қыздар жаны гүл!

Сендегі алып-ұшқан жайды ұғына,
Сүнгідім мөлдір сезім айдынына.
Қондырып қараңғыны қабағыма,
Сырғамды малындырдым Ай нұрына.

Жұлдыздар жымындайды төніп мүлде.
Үп етер самал да жоқ, тұнық түн де.
Біз тұрдық үнсіз ғана түсінісіп.
Күтумен келер күннен үміт бірге.

Балаумен отбасының құтына көп.
Сен мені аймаладың жұтына кеп.
Ай тұрды бәрін көріп, қуә болып.
Түн тартты демін ішке "құпия" деп.

Көңілің алып-ұшқан мас ұққаным.
Бакыттан балдырадым тасып қаным.
Бұлқынып бұрынғыдай құшағыңнан,
Мен үйге бірінші рет асықпадым.





Қашанғы нала - мұнды жүрем жұтып,
Қойдың ғой тағы мені ренжітіп.
Барады көктем өтіп, жүрмін әлі
Жанымның жарасына бір ем күтіп.

Салқынсың, бұрынғыдан өзгердіңде,
Көзіңнен мұны анық сезгем бірде.
Іргесін салды ма аулақ шыныменен
Жастықпен жалындаған кездер мүлде!

Мұң жүрсе көлеңкедей ұдай манда.
Ажырап қалар адам шырайдан да.
Жаралғам күй үшін, сүй үшін,
Мен мұны жасырмаймын күдайданда.

Жүрсек те елмен бірге көп ішінде,
Келейік енді былай келісімге.
Көңілің маған деген түзу болса,
Ағарсың бір тал шашың мен үшін де!

Несіне айтайын сұлулап,
Белгілі жайым ғой бұрында-ақ.
Өзінді сағынсам әрдайым
Жанымды тербейді бір ырғақ,

Бір ырғақ, содан соң жыр туар,
Жүрегім өзіндеп бұлқынар.
Өмір тек шуақты емес ғой.
Көңілде секемнің бұлты бар.

Көңіл бұлт, ал, жанар жаңбырлы.
Ақтарам өзіне бар мұнды.
Жанымды ұғар да өзің ғой,
Сенімен ғана тек таң нұрлы.


Таң нұры біз саған малындық,
Осылай -әрдайым жанымды ұқ.
Келеміз әлі үнсіз ұғысып,
Секілді күйеу мен қалыңдық.



Тәрк етін арадағы ертегі істі,
Барады қылықтарың өртеп ішті.
Жүзіңе сенің қайтып қарамаймын,
Мен үшін жансың енді жиіркенішті.

Өзіңе деген қостың сыйға мұнды,
Осылай жеткіземін ұйғарымды.
Көнсең сол, көнбесең де ерік өзінде,
Көрмеймін бұдан былай дидарыңды.

Дей тұрғын өкініштен "ой, мынаны",
Бар екен алдымда көп қайғым әлі.
... Ашумен айтқаным сеніп қалма,
Көңіл-күй кейде осылай айнымалы.



Үнсіз кетгін, мен де ештеңе демедім.
Желбіреді қайтақдан мұң желегім.
Өмір сүре алмасымды өзіңсіз
Білс тұра қайыр, қош та демедін.

Бүгін тағы қажытты ғой мені мұң,
Шын егілдім, шықпай сыртқа тек үнім.
Бір-ақ сәтте су сепкендей басылды,
Алатаудан асқақ менің көңлім.

Сен-ақ мені сынағанды қоймадың,
Серпілуге шамам да жоқ, бойда мұң,
Аман жүрсе болар деумен сонда да
Күні-түн тек өзінді ойладым.


Көлгірсуім емес, шыным бұл бірақ.
Алданамын жүрегімнен жыр құрап.
Ал, сен болсаң менің сүйген жаным-ау,
Бір биіктен бара жаттың құлдырап.



Жанып та кеткен жүрегің салып табына,
Қалсаңшы мені қасына алып тағы да.
Көзіне жұрттың көрініп қайда барамын
Сүттей боп аппақ Ай туған жарықта мына.

Жанында сәнің өзге бір жасын бары анық,
Айтпадың ашып өзіме басында нағып
Түсінбей дәйім осы бір мінез-құлқынды
Бітті ғой әбден менің шашым да ағарып.

Осынша уақыт жаным-ау, сені деп жүрдім,
Таусылар күні бар ма екен тегі бұл мұңның?
Ашуға мінсем, сезімді құрбан етермін,
Таба алмай қалма әйтеуір, мені де бір күн!



Асыққан уақыт — жендеттің,
Ырқына көніп мен кеттім.
Өзің деп соққан жүректің,
Барады дерті мендеп тым.

Көңілдің қуып сағымын,
Бүгін де жұттым тағы мұң.
Қиялмен шарлап әлемді
Шаршадым, әбден арыдым.

Өрліктей шыңға күнде өрлеп,
Емес ем әзір сыр бермек.
Жанымды қояр жер де жоқ,
Сағыныш- тәтті, мұң - кермек.

Бермейтін маза ұдайы,
Мендегі сезім шынайы.
Өзіңсіз маған жоқ өмір,
Жанымның сенсің Күн, Айы.




Бар мұнымды бір-ақ сәтте серпідін,
Құшағында есім кетіп елтідім.
Шыным осы, Сенің үшін даярмын
Жаяу шарлап шығуға да жер түбін.

Кешегіден саздылау боп шықты әнім,
Енді өзіңсің басымдағы құт-бағым.
Қиялда емес, бақыт құсы жаным-ау,
Қасымда екен, Сен арқылы ұққаным.

Жыр жазудан алмадым ғой бір тыным,
Қалай өзі, ертегі ме бұл күнім?
Сенің нұрлы дидарына караумен
Ұзақ таңға айқаспады кірпігім.

Бар дертімнен құлан-таза айықтым,
Көңілім де қалды лезде байып тым.
Көлге тура тартып кетсем бе екен-ау
Ескегін ап Шәмшідегі қайықтың.



Тіршіліктің жұта-жұта бар уын.
Таба алмадым жанымның еш дәруін.
Көңілінді қуантарға қайтейін,
Жырларымның бәрі қайғы, бәрі мұн.

Ай да, Күн де, Жұлдызың да емеспін,
Шуақ-нұрға бөлемеген мені ешкім.
Тек әйтеуір, жырға ғашық жандарға
Су перісі секілді құр елеспін.

Жырларым көп жазылмаған әлі де,
Өмірімнің өлеңімсіз мәні не?
Татып көрсем таңдайымнан кетер ме
Баянсыздау болған бақыт дәмі де.

Қу тіршілік, дегеніне көндірдің.
Жауар бұлттай талай қайғы төндірдің.
Менің нәзік көңілім-ай, есейіп.
Салиқалы болып бүгін жөн білдің.

Жан жұбағар Сенен шықты алғашқы үн,
Күні ертең-ақ төбешік боп қалмас кім"
Жан мұнымды бөліскен ең, содан ба
Жүрегіңе жыр - ермек боп жармастым.



Жанымызды бөлер әр күн шуак, нұр,
Жастық деген жайрандайтын уақ бұл.
Дегенменен, нала-мұңнан үлес ап,
Қаламын тек көбіне-көп жылап құр.

Кетер сосын ақша бетім домбығып,
Ал, жанымды жүргенің жоқ Сен де ұғып.
Сағынышпен еске алғаның - өкініш,
Бұл күндердің қадірін кеш, соң біліп.

Сен бар жерде мен қайғыны білмес ем,
Өзіңменен қиялымда тілдесем.
Қол ұстасып кете берем егер де
Қане кеттік, соңымнан ер, жүр десең.

Қиял, қиял, кейде осылай сөйлетер,
Уақыт жүйрік, жастық өтер, той да өтер.
... Күйбеңіме кірісейін күндегі,
Отырмайын өлең жазып қой, бекер.

Даланың ұлы

(Наурызбайға)

Даланың ұлы-ай, атына көптен қанықпын,
Алдында келдің доданы лезде жарып тым.
Кеудемде менің жанымды түгел шарпыған.
Өзіңе деген лаулаған жалын бар, ұқтым.

Даланың ұлы ай, бойында міні жоқ тіптен,
Көрінген асқақ жігіттік, мәрттік, шоқтықпен.
Даладай жазық төрт елі мына маңдайға.
Өзінсің барым бармақтай бақыт боп біткен.



Даланың ұлы-ай, кеттім-ау біраз сұқтанып,
Өзіңнен мынау өлкеме жатыр құт дарып.
Өлең ғып өрген ауылға деген сезімің,
Туған ел даңқын ту қылып биік шықты алып.

Даланың ұлы-ай, тілім бір тасқа таңдансам,
Көңлінде білем жатқанын асау арман сан.
Қызы едім құмның шырайы нарттай қып-қызыл,
Арман жоқ жырың арқауы болып жалғансам.
Даланың ұлы-ай, соңында бұркып қалған шаң.



Шыбындай ғана шырқырап бойда тұр жаным,
Кеудемнен шыққан төгіліп жатқан жырда мұң,
Төлкегі ме екен тағдырдың бақтан тынсам да.
Соңымнан бірақ тынбадым.

Тірліктің уын сан мәрте үнсіз жұпқан ем,
Алдымнан мүлдем күтпеген басқа шықты әлем.
Алдағы күннен жақсылықтарды көксеген,
Құр қиял болды құт дәмем.
Әйтеуір менің жаныма дәйім мұң үйір,
Жабыққан жаным наладан болды жиі ығыр.
Бармақтай бақ пен асқар бір таудай мұң берген,
Тағдырдың маған сыйы бұл.
Ел менен жұртым шалқыған тегіс шақта аман,
Налыдым неге жау шапқан жандай нақ маған.
Шүкірлік етіп, сабама түсіп осылай.
Өлеңмен сырды ақтарам

Сәл-ақ жерден қонар басқа құт деген,
Гүл ұсындың, Мұны тіпті күпегем.
Құлқын қамын түгендеген, жан баққан,
Кейбіреуге татымайды түкке өлең.

Сен басқасың. Менің үшін тым бөлек,
Өзің жақтан соғар ыстық күнде леп.
Жүрегің бар өлеңге өзге соғатын
Сенің артық қасиетің бұл демек.

Өлеңіммен жолым болғыш болып тым.
Кетті содан, мұны бірақ соң ұқтым.
Бұған сеніп, сенбесенде өзін біл,
Маған сонда Қыдыр болып жолықтың.



Соңы болды міне тағы бұл айдың.
С а р қ ы л ғ а н д а й к е у д е м д е г і ж ы р
Шимайыммен көрсете алмай бейненді,
Салы суға кеткен жандай мұнайдым.

Жоқ бір жанмын кәдімгідей дым есі,
Қиялым да шектелгендей. Бұ несі?
Айналаға көз жүгіртсем тоқтаусыз.
Жүріп жатыр бұл өмірдің күресі.

Онда неге өзгелерден окшаумын,
Жындандым ба, атай көрме, жоқ саумын.
Олай болса Орта жолда ретсіз.
Керегі жоқ тоқыраудың, тоқтаудың.

Жанға қоса қурағпнда түсте рен,
Тірі пенде сезбесін деп тістенем,
Өлеңдерім жазылмаса сен жайлы.
Кейде осылай өзіме-өзім күш берем.




(Өмірзақ Кожамұратовқа)

Сүйер едім өртеніп, талып, құдай,
Сені ертерек әкеткен алып құдай
Мені өзіне мәңгілік ғашық еттің,
Өмекең, жарықтық-ай!

Сен көрінген ұмтылып шокыға әрең.
Жанып келем өлеңнің отына мен.
Таусылмаса дәм-тұзың тататұғын,
Шай құйып отырар ем!

Жүрмеседе қолдағы барын да елеп,
Сен сияқты Тамдыға дарын керек.
Күпі киген кәдімгі қара өлеңге.
Менің ғой жаным бөлек!

Ертеңіме бүгіннен жалғайын ән.
Көреді әркім бақытын мандайынан.
Сендей дарын туар деп бір ініңнің.
Ұстадым шалғайынан!




-Өзі балдай болса да тәтті құмар,
Бала дейтін әр үйдің шаттығы бар.
Аман жүргей, деді де мойыныма
Әжем бір күн үш бұрыш тақты тұмар.

Жараса қап немере тұлғасына.
Бой тұмарым айналды сырласыма.
Мен ержеттім тіл-сұқтан аулағырақ.
Өлең деген бақ дарып бір басыма.

Жыр оқыдым топтарда дүбірлеген.
Өн-бойымнан аптығып жүгірді өлең.
Жырына орап Тамдысын Астанаға,
Алып барған ақынның бүгін де мен.

Нұрын төгіп көктегі тұрар Ай да,
Жыр оқысам үнім де ұнар майда.
Сағынышым - менің сол балалығым,
Әжем қайда, бойдағы тұмар қайда?!





Тағы да өтті жылжыған жылдар арада.
Елесің ғана қиял мен ойда, санада.
Сен кеттің дағы өмірім түгел өзгерді,
Мұнымды тында, жырымды тында жан Ана.

Әуелі әкем жетім боп қалды артыңда,
Жұбатты оны қаумалап ел мен халқыңда.
Еңсесі түсіп қартайып қалды сол күні,
Еңгезер шалың, ақылгөй, әке нар тұлға.

Келінің тіпті қазанмен ісі болмады,
Жеңгеге жалтақ жалғыз ұл ғана сорлады.
Ішіднен шыққан жылан ғой шұбар, құс емес,
Күндердің күні алдына келер соң бәрі.

Киілмей қалып тіктірген жаңа той көйлек,
Қыздарың ғана жоқтады іздеп гөй-гөйлеп.
Сыбырлап жатты біреулер анық естідім,
"Жылайды несін, 70-ке келсе той ғой" деп.

Қамығып менің қайғырғанымға ел сенбес,
Ерсілеу, балғын қылықтарымды көрсең кеш.
Бала мен Ана арасындағы Махаббат,
Ешқашанда да жасымен Ана өлшенбес.



Қоятын қақпан құрып маған да әр күн,
Қылығын замандастың жамандар кім?
Жатқызар жеңісімді есебіне,
Түңілдім айласынан адамдардын.

Бекерге емес едім мен де еріккен,
Жыр шаштым жүректегі елге ерікпен.
Алдымнан көлденендеп шыға келер,
Құтылам қалай қашып пенделіктен?

Құс едім көріп өскен ұяда ақтан,
Қаламын жылап ылғи қиянаттан.
Көрінсем биіктерден кезігер көп,
Атыма сырттай қара сия жаққан.

Жан айқай салады іште даусым алда -ай
Жұр менен біраз болды хал сұралмай.
Көңілдің құбылмалы күйіне еріп,
Не болды маған мұнша таусылардай?

Үмітім мені алдағы тандарға апар,
(Тасым да жоқ жауыққан жандарға атар)
Күйзелген кейде осындай кездерімде,
Жырым бар жан жұбатып. алдарқатар.

Наз

Ауылдың ашып тұманын,
Жырыммен жұртқа ұнадым.
Ұяма келіп ұшырған.
Көңілім босап жыладым.

- Аман ба, балам, армысын,
Жырларың топты жарды шын.
Деп қуанып, қол жанған,
Қарттардың алдым алғысын.

Қол бұлғап балтын шақтарым,
Басыма қонды бақ, дарын.
Аңқылдап шығар алдымнан.
Ауылдан аға таппадым.

Жарасып бойға бар қылық,
Жырыма жұртты таң қылып.
Аттанып кеттім ауылдан,
Назымды ғана қалдырып.



Календарь Бейсенбаевқа

Қиялы қалықтаған қыранға еріп,
Кеудесін күмбірлеген жыр, ән керіп.
Толтырып қуанышқа ортамызды,
Бір аға Тамды жақтан тұрар келіп.

Өртеніп, жанып сүйген туған халқын.
Ол келсе, ұласады думанға әр күн.
Жетпістен желкелеген асқан аға -
Өнердің жолын жастай құған жарқын.

Демендер иектегі сақалын жай,
Бұйырмас кежелгенге ата мұндай.
Кетеді секілденіп кейде маған,
Бүгіннің жаяу Мұса, Ақанындай.

- Шау тарттым-дейді бойдан жалын қалып,
Сұрайық бізде жиі халін барып.
Жүздірген өнерді өрге ағамыздың,
Жетейік қадіріне барында анық.

Әбдіғабпар Шөлбаевқа

Талай жандар сырлас дос бопты ағамен.
Ғашықпын, түсем ол деп отқа да мен.
Тағдырым кездесуді жазбаған соң,
Жыр арнап Өмекенді жоқтаған ем.

Шығарып сонда Әбекең ауыр демін,
Еске алды әңгіме ғып дәуірлерін.
Әдемі осы сәттің әсерінен,
Тағы да жырға толды жаным менің.

Осынша ынтық етті неге мені,
Көңілде тағы бір жыр себеледі.
- Руза ғашық болса көзі тірі,
Ағалар бар емес пе?- деген еді.

Күмбірлі жан жылытар наз үнменен,
Әбекең осылайша әзілдеген.
Ауа боп кеткен қайран Өмекене,
Арналып расында да жазылды өлең.

Жайдары ашық мінез былай қалып,
Бұл күні қарындасың жылайды анық.
Өмірден ойда жоқта Сен де оздың,
Үлгермей ә дегенше күн айналып.

Жан едің жаны жайсаң, көңіл де кең,
Қайғысын қалай елдің жеңілдетем?
Хош демей кетіп қалған Әбекем-ай,
Сағынсын, жыр арнасын дедің бе екен?!





Жиі енеді түсіме төбе кілен.
Талпынғанмен жете алмай көп егілем.
Қадамымды басқанда өмірге алғаш,
Қаз тұрған ем тек анам көмегімен.

Демеменген қол созып ағаларым,
Көңілімде көбейді тағы алаңым.
Көкірегі шер менен жырға толған,
Айдынында шарқ ұрған шағаламын.

Сынға ұшырап нық басқан қадамдарым,
Сыйладым-ау. тағы да саған да мұң.
Жан-дүнием қалыпқа түсер емес.
Енді қашан бір тағат табар жаным.

Адамдардың бастағы бағы деген,
Өлшене ме жалынды шағыменен.
Жұрт қуанса отырам ойға батып,
Тағы да мұң жанымда, тағы да өлен.

Өрттей боп басылмай жан екпін,
Кей-кейде өзіммен әлекпін.
Өмірдің өрнектеп кей тұсын.
Өленді өмірім сәні еттім.

Өлеңім - өрілген өмірім,
Аңғалдау менің ақ көңілім.
Білгенге бақсыз да емеспін,
Әйтседе өрнегім көбі мұн.

Әр берер ашық түс сирек тым,
Менің жан мұңыма тимек кім?
Махаббатты жырлап қыздарға,
Шынайы сүюді үйреттім.

Шаршаған кездерде тұрмыстан,
Өрнек сап уақыт та жүр мыстан.
Арман жоқ, тисе егер Сендерге,
Өлеңім пайдасы бір мысқал.



Көңілдің шірін

ҚОЗҒАП АЛ

(Әнін жазған Календар Бисенбаев)

Көз ілмей атырып танды мына.
Аналар "Сау қайт" деп қалды ұлына.
Майданға аттанған сан арманнын.
Ақтауым куәсің барлығына.

қайырмасы:

Көңілдің шерін қозғап қал,
Бәйгеден талай озды аттар.
Оралмай елге қалды ғой,
Тамдыдан кеткен солдаттар.
Ауылдан кеткен боздақтар.

Емес бұл ертегі, шындық керім,
Буғанын бекем ғып білдік белін.
Арысын көп күгті ана мен жар,
Бірыммен ерте ашып түндіктерін.

қайырмасы:

Көңілдің шерін қозғап қал,
Бәйгеден талай озды аттар.
Оралмай елге қалды ғой,
Тамдыдан кеткен солдаттар.
Ауылдан кеткен боздақтар.

Оқ тиіп биікке ұшарында,
Ақтауын қалдырды-ау, құса-мұңға.
Қаншама жас қыршын қалып қойды,
Дариға-ай, сол жылдар құшағында.

Туған ауыл - мыңбұлақ

(Әнін жазған К.Бисенбаев)

Ән қылып тау, даланы, құмды бәрін,
Айтамын есінді алсын құрғыр әнім.
Қосылып әуеніме сынғырласын.
Бір емес, жүз де емес,- Мыңбұлағым.

қайырмасы:

Жүрегімнен жыр құрап,
Сүйдім сені шын құлап.
Кіндігімнен қан тамған,
Туған ауыл - Мыңбұлақ.

Арасы ауыл үйдің шаттық бәрі,
Ұл-қызға туған жердің қатты ықпалы.
Ауылдан ұзап кетсек алып-ұшқан,
Көңілдің басылмайды аптыққаны.

қайырмасы:


Жарма мен Жырақұдық ол да мекен,
Өрісі төрт түлікке толған екен.
Ержеткен бауырында ұланың ем,
Осы әнді шырқай жүрер жолдап өтем.



Өзің алғаш сыйладың дала гүлін,
Бірге ер жеттік, бірге өтті балалығым
Сондықтанда мен үшін болар, бәлкім,
Өзгелерден өзіннің даралығың.

Алысқа ағып кетсе де жұлдыз кейпін,
Сол мінезім, сен жайлы жырды үзбейтін.
Қылықтарың баяғы сағындырды
Шарбак қорып, кеш болса жүргізбейтін.

Назды әуенге қалдырып бүгін мені,
Ұзап кетіп көңілден күн ілгері.
Арқау болып жырына сары қыздың,
Қайда жүрсін, көрші үйдің жүгірмегі?



Қуарып жанның нұр бағы.
Әуелей түсті мұнды әні.
Жанарға ерік беретін,
Көзімнің жасы құрғады.

Бір күндей бәрі болмады,
Кір емес - сезім қолдағы.
Сездірмей жанға сыртыңнан,
Ғашықтығым-ай, сондағы.

Жүректі жүрген жандырып,
Жолына құрбан бар қылық.
Ауылдан ұзап кеткелі,
Сол сезім қазір қалды ұмыт.

Жоғыңа сенің сенбегем,
Үмітімөты сөнбеген.
Сағыныш -мұңға баттым да,
Сарғайып кеттім мен деген.


Сен жаққа құлақ түргенмен,
Мұңайып дәйім жүргем мен.
Ал бүгін тіпті басқамын,
Бағындырды мені күн-керуен.



Қызықсыз бұрынғыдан той да маған,
Көңілім болуды да қойған алан.
Өзінді ойда-жоқта көріп тағы ,
Мұншалық толқимын деп ойламағам.

Білмеймін қыздар жоқ па өкпелердей,
Бұртияр еркелікпен текке мендей.
Қол созып бауырына бастың мені,
Ештеңе ортамыздан өтпегендей.

Салтанат құрды сезім санамызға,
Белгісін өткен күннің табамызба?
Бұл басты Айдың жүзін көлегейлеп,
Келмеді сөйлесуге шамамызда...



Көңіліңе сенбес сезім ұялап,
Дәл бүгінгі қызғанышың қиянат.
Пәршаланып аяқасты шашылған,
Жүрегімнің сәулелерін жиям ап.

Шыдай-шыдай шыдамды да түгестім,
(Бастан кешпей түсінбейді мұны ешкім)
Шабыттанып өлең өрер кей тұста,
Күркіреген күдіктермен күрестім.


Сары алтын деп сабырды да сарқыдым.
Қызғаныштан түсіп болды бар құның.
Қолындағы шарылдаған құсыңның,
Обалынан қорықсайшы, жарқыным.



Қымсынып жүрген қылықты артта шақ қалып,
Жүрген бір жан ем өленнен ғана бақ дарып.
Білмеймін бұл не, қалды ма өрлік әйтеуір,
Алдына келдім жүректің жайым ақтарып.

Көзімнің жасын көл етіп жаным қайтемін,
Білетін болсаң, тезірек жүрек айт емін.
Шырқымды бұзып мұншама сабырсыздандырған,
Түсінсең мені емес-ау, бұл бір жай, тегін.

Үнсізсің неге, шынымен емі жоқ па түк,
Өкпелімісің қалмағаныма боп бақыт.
Жүргенде тұтып көңілге медеу Сен бар деп,
Дүрсілін бір күн қайтемін қойса тоқтатып ?



Көптен бері есігім қағылмады,
Мені іздейтін бір пенде табылмады.
Жыламайын десем де төгілуде,
Жанарымның мөп-мөлдiр лағылдары.

Қайтсем, қалай азаптан арыламын,
Сағат санап, сәт сайын сағынамын.
Өзің келіп бар қайғы сап тыйылып,
Нұрланатын күн бар ма, тағы маңым?

Сені ойлаумен бейуақ егілген ем,
Соғылғандай мұз тауға көңіл-кемем.
Кең әлемге симаған сәттерімде,
Өлең жазып әйтеуір жеңілденем.



Ымырт түсті. Күн батуға таяды,
Ғашықтарға түн құшағын жаяды.
Мені аямай алауына өртейтін.
Көздеріңнің оты қайда баяғы?

Ай да туды бізге нұрын төгетін,
Түн. Тыныштық Самал да жоқ өбетін.
Төбемізде сол баяғы толған Ай,
Үндемейсің, көңілсізсің неге тым?

Дидарыңды бір көруге асығып,
Келгенімде аяғыңа бас ұрып.
Жүрегімді селт еткізген сезімдер,
Жұлдыздардай қалып қойды шашылып.



Сен дейтін жыр жазсам деп,
Армансыз сырлассам деп.
Мен талай жылап едім.
Көрсем де көрмеген боп,
Құрбыма сөйлеген боп,
Өрлікпен тұра бердім.

Күндерге жолықтырар.
Жүрсемде болып құмар,
Шын қалдым қалбалақтап.
Мен кеткен жылап түннен,
Ел-жұрттан құлақтүрген.
Сонда да алғам ақтап



Айтылмай сыр қалғанда,
Жетелер нұрлы арманға,
Әніміз қосыла ма?
Сыйлысың түсінгенім,
Сүйгенім үшін менің,
Айтарым осы ғана.



Көрінбейді жанымнан алау неге,
Әбден салып бітгін ғой сан әуреге.
Оқи қалсаң жырымды парактай бер,
" Мұңы басым бұ да бір жан-ау де" де.

Шат күндерді әрине сағынам-ақ,
Көңіл қалай өзіңсіз жадырамақ,
Кетсек дағы кимаймын ең әрісі,
Сәлемдесуімізде әдірә қап.

Ілесе алмай отырмын ой легіне,
Саған қосып шақырды той мені де,
Мұңысы не деп іштей таңданбағын.
Киіп келген қап-қара көйлегіме.

Үндемедің, менде тілім қатпадым.
Күлген едің, шынайылық таппадым.
Ән салып ең. билей ала жөнелдім,
Әлем-жәлем көңіліме жақты әнің.

Ән құдірет- гүл көктемі жанымның,
Ән ғаламат- өлшеміндей бағымның.
Әндеріңнің әуезіне бөленіп.
Әй-ән керім күндерімді сағындым.

Ән қанаты сірә дағы талмайды,
(Базбіреуте ішер тамақ, мал қайғы)
Әнің барда кейбір оғаш мінезің,
Көңіліме қаяу сала алмайды.



Серік боп сырласқаның үшін,
Сол түнгі нұрлы аспаным үшін,
Жанында қала алмағаным үшін,
Жоқ болсаң, аландағаным үшін,
Ақтарыла алмай ұялғаным үшін,
Армандай тәтті қиялдарым үшін,
Ұғысып үнсіз аймалағаның үшін,
Сағынып сені қайдалағаным үшін,
Ертегі әлем кешкенім үшін,
Бақытқа толы кештерім үшін,
... Хабарсыз кетіп сағындырғаның үшін,
Жолданған саған ағын жырларым үшін,
Іздеп те және келмегенің үшін,
Шырын сөздеріңе шөлдегенім үшін,
Дірілдеп қалған гүл ерін үшін.
Үзілмей жүрген күдерім үшін.
Көңілге қаяу салғаның үшін,
Сағым боп жүзген арманым үшін,
Салмағын сезім көтеріп тек мен,
Өлең боп қаш-ш-ан өріліп кеткем.

Жұбатарың болайын

Арманыңа асықпай жетіп едің,
Солғын тартты неліктен от реңін.
Мұнды әуенді жәйімен ыңылдайсың,
Шерге толып кеткен бе көкірегің?

Тегін емес деп мұны байыптадым,
Тағдырыңнан жүр ме екен тайып бағың.
Арманыңның арқауы бола алмаған,
Айтшы маған сырыңның жайып бәрін.

Адастырып жүр ме әлі тұманды алап,
Қомданғанмен сендегі сыңар қанат.
Запыран-мұң төгілмей тыныштық жоқ,
Қашанғаша жүресің мұң арқалап.

Бір қуаныш сыйласын мына таңың,
Тым болмаса болайын жұбатарың.
Жылдар легі салқыңдық салғаннан ба.
Жек көремін, дегенмен ұнатамын.





Жамырап ешкі-лағы,
Керемет кешкі уағы.
Әнімнің арқауы едін,
Тамдының Бесбұлағы.

Тасиды жыр ағыны,
Қиялда бұлақ үні.
Көрінбей қайда жүрсін,
Ауылдың мұғалімі ?

Көршінің бір маралы,
Өзіңмен нұрланады.
Мөлдіреп жанарымнан,
Суық мұз сырғанады.

Таусылып бар амалым,
Бұрылып карамадым.
Өзімді бірақ сенен.
Биіктеу бағаладым.

Жамырап ешкі-лағы,
Керемет кешкі уағы.
Көңлім қалды сенен.
Тамдынын Бесбұлағы.



Кетіп сен қалдың түнге еніп,
Тілім де қалды күрмеліп.
Менен де гөрі бір сұлу.
Соңыңнан кетті бірге еріп.

Ұзатып көзбен тұрғаным.
Өзінді жатқа қимадым.
Егіле түссін дедің бе,
Мойнынды сен де бұрмадың.

Жанымды ұғар түсінген,
Егіліп тұрдым ішімнен.
Сол түннен бері шықпайсың,
Ілінсе көзім-түсімнен.

"Өмірдің жолы бұралаң"
Сүріне көрме сұранам.
Тілеулес болып жүр дегін,
Бесбұлақтағы бір ағаң".

Ұқтырды үнсіз жанарың,
Телміріп ұзақ қарадым.
Сен тірі жүрген тірлікте.
Айтылмай қалмас бар әнім.



Өзге жанның күзетем қас-қабағын.
Еркелеуге де кейде жасқанамын.
Қызыл-жасыл әлемде қызығы көп,
Жоқ-ау, сірә, өлеңнен басқа бағым.

Құлағандай биіктен бір шынары,
Менің інкәр көңілім тыншымады.
Өлшеуі жоқ тып-тұнық сезімдерім.
Күмбірлеген кеудемде тұншығады.

Жынданғандай кей түні алас ұрам.
Сақта. тәңірім, біреудің жаласынан
Тәтті ұйқыда құлыным қайдан ұқсын,
Түн перімен отырам жарасып ән.

Кездерімде шырқырап. шырылдаған,
Ешкім қолын созбады бұрын маған.
Ал қуансам көңілім көкке жетіп,
Мені өлендей тірі жан ұғынбаған.

... Өзге жанның күзетем қас-қабағын.
Еркелеуге де кейде жасқанамын.
Қызыл-жасыл әлемде қызығы көп.
Жоқ-ау, сірә, өлеңнен басқа бағым.

Жүрмін ғой айтып бұрында.
Хәлім жоқ енді жылар түк.
Онсыз да қысқа ғұмырда,
Қайтесің жаным. кінә артып?!

Еркімді менің шектеме,
Шектесен, маған бұда мұң.
Сезімсіз қуыс тек дене.
Таусылар бір күн шыдамым.

Кешегі қылық қалды ұмыт,
Айқара күшақ ашылған.
Күдікке қадам шалдырып,
Күштарлық қалай басылған ?

Сезімсіз өмір сәні не?
Атырам көзбен кей түнді.
Керек-ау бізге мәміле,
Жоғалтып алмай кейпімді.

Сондықтан, жаным, сұрарым,
Қабакпен салқын карама.
Өлеңнен өрмек құрадым,
Аяулынды бір бағала.

Қызғанба мені кештерден,
Жүрегімменен жыр оқыр,
Кезімде үйге кеш келген,
Көзімнен ұғып, жым отыр.

Жүрмін ғой айтып бұрында,
Хәлім жоқ енді жылар түк.
Онсыз да қысқа ғұмырда.
Қайтесің жаным, мұң артып.




Сыймадым үйге сенделіп,
Тірлікке қолым бармады.
Қалатындай сен келіп,
Бір сезім мені арбады.

Беттемей қалдым жұмысқа,
Дәл қазір кіріп келер деп.
Тырс еткен әрбір дыбысқа,
Құлағым түрдім елендеп.

Қамалып шықпай бөлмеден,
Отырмын сыртқа телміріп.
Сезімге болсаң шөлдеген,
Батылданып кел кіріп.

Мендегі жағдай осындай,
Оғырмын іштей күбірлеп.
Күпеген тылсым, тосын жай,
Аландатқаны-ай бүгін кеп.

Ойымды бөлді баламның,
Жылаған даусы іңгәлап.
Сол күннен бері алаңмын,
Ұмығайын десем шындап-ақ.



Шартшатса да түгемейтін тірлігім,
Тәтті қиял демеушім боп жүр бүгін.
Шынымды айтсам қаншама жыл өтсе де,
Сені ойламай өткен емес бір күнім.

Мүмкін бұған күлерсің де сенбессің,
Сені мендей сүйе алмайды енді ешкім.
Сүймегеннен өлмейді екен адамдар,
Сүймесе де өтеді екен өлмес күн.

Жанарымның шарасына толған мұң,
Сәлемімді жүйрік желмен жолдармын.
Өтіп жатыр жылдар көші айналып,
Кейпіндемін кешегі өткен Қорланның.



Жағасында отырмыз біз арықтың,
Әңгімеміз бүгін де таусылмады.
Ұясына батады қызарып күн,
Махаббаттың ғажап-ау, маусымдары.

Дала неткен бүгінгі көркем еді,
Жанарымда байқасаң тұр шық тұнып.
Су сылдыры үнімді көмкереді,
Әкеткенде деміңмен тұншықтырып.

Орнағанда бақыттан кеудеге арай,
Жан азабы тапты ма бүгін емін?
Құшағыңнан сытылып үйге қарай.
Жетіп алсаң екен деп жүгіремін.




Көптен бері келдің бе, құмар айым,
Сақтап жүрген жырымды шығарайын.
Көктем келді дегеннен біз баратын,
Бүрін жара қойыпты бұла қайың.

Шырылына бозторғай құлақ түрген,
Желкесінде ауылдың бұлақ күлген.
Қиялыма жіберер қанат байлап,
Бала кезден өзінді ұнаттым мен.

Көктем келіп көңілім жарқылдады,
Ізі-ғайым боп қыстың салқын қары.
Ыңылдаған шуақта келіншектің,
Бүгін тіпті ерекше тартымды әні.

Көктем айы айнала көгереді,
Түн уақытын Ару Күн шегереді.
Көктем айы көңілде құпия көп,
Ынтықтырдың осынша неге мені ?!




Көктем санын құлпырған қайран ағам,
Сен сияқты жоқ қазір жайдары адам.
Көктем сайын тән қылық саған ғана,
Махаббат пен қызды іздеп қайдалаған.

Сағындырып ауылға бүгін келген,
Қыз-көктеммен жүрегі тілемделген.
Қыз біткенге гүл менен жыр арнаған,
Көңілдегі жасқаншақ дірілдермен.

Бұл өмірге байқалсын құмарлығың,
Бар жырынды ақтарып шығар бүгін.
Кеше ғана жанынды жаулап алған,
Дымы құрып, байлаусыз тұрар мұның.

Кешіксе де жылына бір келетін.
Көктем осы жаныңда түрленетін.
Бір ағаның болғаны қандай жақсы,
Құшағына ап, басатын гүлге бетін.



Сырт караған адамға емес те түк,
Отырғаным ойлаумен сені ес кетіп.
Жабырқаулы жас жаным жай табады.
Көз алдыма кейпінді елестетіп.

Шырын сөзге шағымда шөліркеген.
Шырын шумақ ұсынар төркін өлен.
Сендегенде кеудемде өрши түскен,
Сезімімнің басылар өрті немен.

Күту деген жаным-ау алып қайғы,
Сені ойласам қиялым шарықтайды.
Мендегі бір алапатсезім селін,
Сенен өзге қайтейін жан ұқпайды.


Сенен өзге қайтейін жан ұқпайды,
Бір әуезді ән сен болып қалықтайды.
Іздеп келем сол әнді шырақ алып,
Есуастай іздеген жарықта Айды.



Жүректері бір нұрлы сәулеге еріп,
Тылсым түнге оралды мендегі ерік.
Қала бердім тұншығып құшағыңда,
Бара жатты дүние дөңгеленіп.

Өзгелерден өктемдеу асып бағым.
Көңілдегі күй толы тасып та ағын.
Күйбің тірлік күндегі ұмыт қалып.
Оянуға ұйқымнан асықпадым.

Тәңірімдей бір саған табынған ем,
Махаббатқа мас болдың, жаныңда мен.
Ойлап тұрсам тек қана бір біз емес,
Көктем келіп көк нұрға малынды әлем.



Сүйікті боп жар құшып жанды бағым,
Арайланып сол жанмен қалды маным.
Махаббаттың мас болып шәрбатына,
Мен әйтеуір бақыттан балбырадым.

Жанымдағы бермедім мұрша мұнға,
Мейірімге білмеймін сусадым ба ?
Құр қиялмен алданып отырғанда,
Бүлкілдеді бір әлем құрсағымда.

Бір қуанып, сонда бір ұялғаным,
Құдай шебер құрады қыз арманын.
Өмірімнің сол сәтте ұғындым мен,
Бір ғасырға тағы да ұзарғанын.

Тірліктегі көз тігіп онды-солға,
Жанарымның шарасы толды сынға.
Енді менде соғады екі жүрек.
Табиғатым бұл менің, болмысымда!



Тағат таппай көңілім сенделеді,
Түсіне де бермейсің сен де мені.
Жараланса жүрегім жамандардан,
Сенің құшағыңменен емделеді.

Тылсым жайдан мендегі жоқ хабарың,
Тұлпар жырды әйтеуір нокталадым.
Өзің ғана көтерер еркеліктен,
Өкпелегіштеу жиі боп барамын.

...Өрнегінен өмірдің түсінгенім,
Жырыңды оқып тамсана сүйсінгенім.
Жұмбақ әлем жанымды жаулап алған,
Өзің менің бақытым дейсің керім.

Көңілімді қонғанда алаңдатып,
Жанарымнан үзіп ап тағам жақұт.
Өлеңімнен өзгеше мүмкін емес,
Бұйыруы сірә да маған бақыт.



Қолына апсан қос шанақ домбыраны,
Қоңыр күйді кеудене қондырады.
Қызылқұмда сырласқан Рузамен.
Сексеуілдің тербесін сол бір әні.

Бірге ала кет өзінмен әуенімді,
Қоңыр әуен білмеймін және мұнды.
Құс боп ұшып кетер ем алыстарға,
Бай атанған қимаймын Тау елімді.

Тауелібай - тал бесік, бағы басым,
Қадым шықсаң құм төсін сағынасың.
Қоңыраулы көңілдің күймесіндей,
Көшіп қонған Қызылқұм шағылы асыл.

Өр көңілден белгілі жыр самғары.
Көздің жауын алады жусандары.
Құм төсінде бәрі бар ең әрісі—
Адыраспан секілді мың сан дәрі.

Жақсы жырды жаныма жию медет,
Аптаптарда бұл жерде күйоде ерек.
Құм даланың қадірін ұғу үшін,
Қызылқұмның бір қызын сүю керек !





Өзгелерден деп жүрген дара туған,
Байлығым да, бақытым, бағым едің.
Сым пернедей нәп-нәзік жаратылған.
Көңілімді қалдырдың тағы менің.

Тоқтата алмай отырмын таңнан бері,
Көмейімнен төгілген мұнды әуенді.
Жасырайын түсінген жаннан нені,
Жан мұнымды сен дағы тында енді.

Дәл бұл үшін алдында айыпты емен.
Көпшілікке расында ұнағанмын
Бар сырымды өзіңе жайып келем,
Содан болар, ұқпасаң жылап алдым.

Осылайша мұң-моншақ төгемін мен,
Қызғаныштан жүрмісің кінәраттап ?
"Көңілімді қалдырдың" дегеніммен,
Жүрек шіркін, бәрібір тұрады ақтап.



Жоғалған жандай бірдеңе,
Алақтай бердің соңыңа
Біздерді кезіктірмеген,
Өкпенді артып жолыңа.

Мен сені іздеп бармаймын.
Қыздардың жолы тым ауыр.
Көресің жыр боп самғаймын,
Қонсылас болса жыр ауыл.

Айыптың бәрі бір сенде,
Жетпеген сонда батылың.
Күрсініп әлі жүрсің бе,
Азабын тартып ақылың

Үзбегем жібін үміттің,
Бірақ сен қайтіп келмедің.
Өзіме ғашық жігіттің.
Бесігін менде тербедім.

Өзің деп жүріп өзгемен.
Осылай бағым ашылды.
Кездесек сәлем сөзбенен,
Сағынышымда басылды.





Сағыныш деген сарғайған әлем сап-сары,
Жанымды менін сарғайтып әбден тастады.
Сағынышәнін сызылтып қана салған ем,
Сағым боп жүзіп, ауылдан әрі аспады.

Сағынғанымды өзіңе қалай жеткерем,
Сезімтал жүрек самарқау қылып төкті өлең.
Сағыныш деген тәтті мұң дейді қашанғы,
Жұта беремін, жұт десең енді жек көрем.

Сен қалай жүрсің алаңдап мойын бұрдың ба,
Сарыла күтіп, сабырсызданып тұрдың ба.
Сері жаныңның сірісі шықса сенделіп,
Қолымды созам, құлайтын болсаң құрдымға.

Емші ғой уақыт, жаныма дәру табылар.
Сарғайған жырды тұмар ғып қалқам тағып ал.
Сергелдең күймен күрмеуге келмес жалғанда,
Бір жанның сені болғаны жақсы сағынар.



Шырмауық ой шыға алмай тұзағынан,
Кездерім көп көңлім құлазыған.
Сондай сәтте сызылтып сен салатын,
Керек менің жаныма бір азық ән.

Сол әніңмен қиялым қанаттанып,
Қалам кейде жаныма тағат тауып.
Көк көйлегім көлбендеп өзіңменен,
Елестейді қоштасар шақ аттанып.

Қимастықпен суарып жанарымды,
Ұйқысынан оятып таң аруды.
Елесінді тұтқын қып қиялыма,
Кете бардым арқалап нала, мұнды.


Өмір деген ілесіп бір ағынға,
Кете бардым әнің қап құлағымда.
Сол әніңнің тербеліп әуезіне,
Қуанамын, келеді жылағым да ...



Дым тамбаған кеше мен алдыңғы күн,
Толастамай жауып тұр жаңбыр бүгін.
Салқын күзде сорғалап салқын тамшы,
Менің нәзік жаныма қалдырды мұн.

Гүрілдейді тау жақтан сел екпіні,
Шақырғандай қол бұлғап терек түбі.
Ақпар алып кеткен бе, орталанған
Менің інкәр көңілім өрекіпіді.

Тірлігімнің қалмады тіпті мәні,
Енді есіме алмаймын бітті бәрі.
Десем дағы сорғалап салқын тамшы,
Қадірінді еріксіз ұқтырады.



Сынама мені, сенсіз де талай сыналғам,
Жеткізер емес қиялдай жүйрік бұл арман,
Құлағың салсаң бүгін де мені ұғарсың,
Жырларым менің жасынан көзім құралған.

Сөз өрмек еді қыз болып нәзік құрғаным,
Өзіңе жетіп жығылған барлық жырларым.
Оқырман да өзің, аңғарған да өзің сондағы.
Көзімде менің көгілдір оттай нұр барын.

Көңілім көлдей шалқыған, кейде тасыған,
Мұнайып сосын жігерім құмдай жасыған,
Өмірім өтіп бара ма, тегі, білмеймін,
Алдағы күнге әйтеуір ығи асығам.

Көңілде жыр бар бұрын соң ешкім жазбаған,
Жүректе от бар қаланып дәйім маздаған.
Сезімнің селін ақылға ғана жендіріп,
Арманға біздей жете алмай қалған аз ба адам ?

Малынсамдағы оранып үлде-бүлдеге,
Жетпейтін сынды жаныма кейде бірдеңе.
Уақыттың көші емдеген барлық жараны,
Әлі де маған ғашық боп бұл қыз жүр деме!



Жанарың оқтай қадалды.
Әкеттім көзім тайдырып.
Бастадың сосын тағы әнді,
Мендегі тылсым жайды ұғып.

Әуенің тербеп жанымды.
Қосылуға да шақ қалдым,
Келе сап үйге барымды,
Ақ қағазыма ақтардым.

Есімінді сан қайталап,
Ұзақ түн көзім ілмедім.
Сықылқықтап күлді Ай қарап,
Маған не болды білмедім.

Өзінді қайтып көрмедім,
Әнің де кетті жыраққа.
Сезімге шырын шөлдедім,
Сағынғаным жоқ бірақ та.



Гүлге толып кетті бүгін қыр үсті,
Жүрегімнен саған қарай жыр ұшты.
Қыз көктеммен қол ұстасып жүрсің бе,
Неге келдің, келмегенің дұрыс-ты.

Сағымданып елестерің тұр анық,
Бір биіктен екеуіміз де құладық.
Сезімдерім шашылғаны болмаса,
Сен сияқты мертікпедім, бірақ ұқ.


Қандай аппақ арайланған тұнық таң,
Таң шапағы жүрегімді жылытқан.
Жылап алар кейбір кезім болмаса,
Мен өзінді әлдеқашан ұмытқам.



Сол күннен соң өзінді іздемедім,
Бітті осымен күдерді үзген едім.
Мойындамай жүрсем де жалғыздықты,
Сәл мұндылау секілді күзгі өленім.

Жұп күндердің қадірін жиі ұқтырған,
Гүлдер де жоқ әкелген жиып қырдан.
Қағып шыққан түнімен тереземді.
Сен бе десем... ақ жаңбыр ұрып тұрған.

Өзін жайлы көңілім камықты ойдан,
Үйде отырмын, шақырған қалып тойдан,
Қайта айналып білемін соғарынды,
Қол шатырың әйткені қалып қойған.



Сені көріп бір қуанып, бір налып,
Қарай берлім жұрт көзінен ұрланып.
Әлем бүгін кеткені ме шынымен
Нұрланып!

Тым ерекше көңіл-күйім бүгінгі,
Сағыныппын, көп тындадым үніңді.
Жанарына қарашығы көзімнің
Сүрінді.

Қиялымды шарықтатып бал шырын,
Жанарымнан домалады тамшы мұң.
Ыңылдадым "Қайықтасын" ішімнен
Шәмшінің

Сезім селі ақылыңды тыңдай ма,
Не жұбаныш айтылады мұндайда?
"Махаббаттың бесігінде тербелер"
Күн қайда ?



Жүре алмаймыз

Кейде үнсіз, кейде құптасып,
Тындаушы ем сырынды ұдай.
Жүре алмаймыз жұптасып,
Біз енді бұрынғыдай.

Алыстап менен кеттің деп,
Мен сені кінәламан.
Өткенді ұмыт еткім кеп,
Бір ауық жылап алам.

Тұрушы ең кетпей қиылып,
Оқы деп тағы бір жыр.
Өзіңнен жатқа бұйырып,
Аяулың сағынып жүр.

Кейде үнсіз, кейде құптасып,
Тындаушы ем сырынды ұдай.
Жүре алмаймыз жұптасып,
Біз енді бұрынғыдай.

Мазмұны

Шабыт шапағаты.....	3
"Өтіп жатыр "	6
"Бар жұбаныш..."	7
"Кеудемдегі бір..."	8
"Ақ жауын-ай ..."	9
"Тамыз айы..."	10
Болашаққа апарам.....	11
"Мұнымды айтып ешкімге шағынбадым".....	12
Ананы ансау.....	13
Әкені жұбату.....	14
"Келмеске кетіп".....	15
"Наурызда жарғанда бүгін терек,".....	16
"Үш жыл болды, өзіңмен көріспедім.".....	17
"Өлең менің сиынар пірімбісін?".....	18
'Амандасып шығайын бәріңменен.'.....	19
Әжеме.....	20
"Бөбегімнің дауысын інгәлаған.".....	21
"Кіп-кішкентан бұйрабас қозым менің.".....	22
"Отаным менің - отымның басы құханам.".....	23
"Қилы заманды болса да бастан өткерген.".....	24
"Киім, тамақемес бұл маған қайғы.".....	25
Тазалық.....	26
Өлең.....	27
Жүрегімде сәуле бар.....	28
Жана жыл.....	29
Ө. Қожамұратовқа.....	30
"Базбіреуге тіршілік арман бүгін.".....	31
"Жүрсе де тербеп әнімен әркез Тамдыны.".....	32
Тамды.....	33
"Бесбұлақтынақшағылтөбелері.".....	34
"Құм қабағы бүгін де ашылмады.".....	35
"Садаға бол жаныма тұрғанында ар.".....	36
"Ындыны кепкен құм дала.".....	37

Үшқұдық.....	38
"Үшқұдықның күні бүгін күйіп тұр.".....	39
Жақсы жамана йырам енді арасын.....	41
Қаламымды қиялым жиі ұштаған.....	42
Қиялыма да қанат тағып.....	43
Жыр-мұным сенін үшін де жетер.....	44
Еріп кейде сынап көңіл күйге көп.....	45
Махаббат - ол ертегі емес, бір әлем.....	46
Сендегі алып ұшқан жайды ұғына.....	47
Қашанғы нала - мұнды жүрем жұтып.....	48
Несіне айтайын сұлулап.....	49
Тәрк еттің арадағы ертегі істі.....	50
Үнсіз кеттің, мен де ештеңе демедім.....	51
Жанып та кеткен жүрегің салып табына.....	52
Асыққан уақыт - жендеттің.....	53
Бар мұнымды бір-ақ сәтте серпідің.....	54
Тіршіліктің жұта-жұта бар уын.....	55
Жанымызды бөлерәр күн шуақ, нұр.....	56
Даланың ұлы.....	57
Шыбындай ғана шырқырап бойда тұр жаным.....	58
Сәл-ақ жерден қонар басқа құт деген.....	59
Соңы болды міне тағы бр айдың.....	60
Сүйер едім өртеніп, талып, құлай.....	61
Өзі балдай болса да тәтті құмар.....	62
Тағы да өтті жылжыған жылдар арада.....	63
Қоятын қақпан құрып маған да әр күн.....	64
Наз.....	65
Календар Бейсенбаевқа.....	66
Әбдіғаппар Шөлбаевқа.....	67
Жиі енеді түсіме төбе кілең.....	68
Өрттей боп басылмай жан екпін.....	69
Көңілдің шерін қозғап қал.....	70
Туған ауыл — Мыңбұлақ.....	71
Өзің алғаш сыйладың дала гүлін.....	72
"Өзің алғаш силадың дала гүлін.".....	73
"Қуарып жанның нұр бағы.".....	74

"Қызыксыз бұрынғыдан той да маған.".....	75
"Көңіліне сенбес сезім ұялап.".....	76
"Қымсынып жүрген...".....	77
"Көптен бері есігім қағылмады.".....	78
"Ымырт түсті.".....	79
"Сен дейтін жыр жазсам деп.".....	80
"Көрінбейді жанымнан алау неге?".....	81
"Үндемедің, мен де тіл қатпадым.".....	82
"Серік боп сырласқаның үшін.".....	83
Жұбатырың болайын.....	84
"Жамырап ешкі-лағы.".....	85
"Кетіп сен қалдың түнге еніп".....	86
"Өзге жанның күзетем қас-қабағын.".....	87
"Жүрмін ғой айтып бұрын да.".....	88
"Симадым үйге сенделіп.....	89
"Шаршатса да түгемейтін тірлігім.".....	90
"Жағасында отырмыз біз арықтың.".....	91
"Көптен бері келдің бе құмар айым.".....	92
"Көктем сайын құлпырған қайран ағам.".....	93
"Сырт қараған адамға емес те түк.".....	94
"Жүректегі бір нұрлы сәулеге еріп.".....	95
"Сүйікті боп, жар құшып жанды бағым.".....	96
Тағат таппай көңілім сенделеді.".....	97
"Қолыңа алсаң қос шанақдомбыраны.".....	98
"Өзгелерден деп жүрген дара туған.".....	99
"Жоғалған жандай бірденен.".....	100
"Сағыныш деген сарғайған әлем сап-сары.".....	101
"Шырмауықтай шыға алмай тұзағынан.".....	102
"Дым тамбаған кеше мен алдыңғы күн.".....	103
"Сынама мені, сенсіз де талай сыналғам.".....	104
"Жанарың оқтай қадалды.".....	105
"Гүлге толып кетті бүгін қыр үсті.".....	106
"Сол күннен соң өзінді іздемедім.".....	107
"Сені көріп бір қуанып, бір налып.".....	108



Демеуші - Жобаев Сапарбай
Досжанұлы, Ташкент облысы,
Бостандық, ауданының Қапал
ауылында туылған. Мектепті
Домалақ ауылында бітірген.

РУЗА АЛДАШЕВА

ТАУЕЛІБАЙ - ТАЛ БЕСІК

(Жыр жинағы)

Редактор Катира Нурбаева
Техникалық редактор - Бахтияр Шохисмаилов
Суретші - Сағидолла Мірәшімов.
Корректор Қарлығаш Мәмбетова

Теруге берілді 20.06.2001. Басуға қол қойылды
5.08.2001. Пішімі 84x108/32 Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 7.0 Есепті баспа табағы 6.8.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №2369

"Шарқ" баспа-полиграфия акционерлік
компаниясының баспаханасы
700083, Ташкент қаласы, "Буюк Турон" көшесі, 41